

құрамындағы дыбыстардың үстеме артикуляциялық белгілерін көрсетеді. Соның нәтижесінде буын артикуляциясы жеке дыбыстар мен бүтін сөздің артикуляциясының негізін құрайды.

1. Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной

просодии и сингармонизм казахского слова. Автореф. Дис. ... д-ра филол. наук. – Алма-Ата, 1988.

2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 11-15

3. Трубецкой Н. Основы фонологии. – Москва, 2000. – 352 стр.

4. Утебаева З. Фонетическая структура слога в казахском языке (экспериментально-фонетическое исследование). Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Алма-Ата, 1988. 19 с.

Г. К. Кайдарова

Артикуляция согласных звуков в составе слога

В статье рассматривается проблема артикуляции согласных звуков казахского языка в составе слога.

G. K. Kaydarova

ARTICULATION OF CONSONANTS IN THE CONTENT OF SYLLABLE

This article deals with the problem of articulation of consonant sounds of the Kazakh language in the content of a syllable.

Н.Д. Қошанова,

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, ф.ғ.к.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАСТАУЫШТЫҢ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕН ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін арнайы қарастырған ғалым Т.Сайрамбаев қазақ тіліндегі бастауыштың жасалу жолдарын төмендегіше топтастырады:

1. Жеке сөз таптарынан болған дара бастауыштар.

2. Көмекші есімді күрделі бастауыштар.

3. Көмекші етістікті күрделі бастауыштар.

4. Шылау сөзді бастауыштар.

5. Модаль сөзді бастауыштар.

6. Түйдекті тіркесті бастауыштар.

Бастауыштың мұндай жасалу жолдарын сығымдай түссек, үлкен үш топқа топтастыруға болар еді деп көрсетеді:

1. Дербес мағыналы сөздер арқылы.

2. Дербес мағыналы сөз + көмекші сөз арқылы.

3. Тұрақты тіркестер арқылы [1:114].

Бастауыштық тұлға – атау тұлғасы. Әйтсе де, Ж.Болатов атау тұлғасы тек бастауыштың ғана тұлғалық көрінісі емес, атау тұлғалы сөз мағынасына, орнына қарай анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, баяндауыш қызметтерін де атқара береді деп көрсетеді [2]. Әрине, атау тұлғасы басқа септік тұлғаларының нольдік тұлғада [3:29] берілуімен шатастырылады.

Бастауыш болатын сөз атау тұлғада тұрып бастауыш болады. Десе де ол сөздер түбір тұлғада, көптік тұлғада, тәуелдеулі қалпында тұрады. Тұрақты тіркестер де осы тұлғалық сипатқа ие.

Атау (нольдік) тұлғалы тұрақты тіркестердің бастауыш болуы дегенде тұрақты тіркестердің соңғы сыңарына көңіл бөлеміз.

Көп жағдайда тұрақты тіркестерді сөйлемдегі синтаксистік қызметіне қарай талдағанда, тұрақты тіркестердің критерийіне жауап бер-

мегеніне қарамастан, қолданылу аясы тұрақты, білдірер мағынасының тұтастығы, сөйлемдегі синтаксистік шартты мағынасы ескеріледі. Мысалы: Оның осы сырт пішінінде жайсаң *сері мінез* бар (М.Дүзенов). Алдымда бәсеке деген екі тосқауыл кезең тұр. Бірінен өту үшін түгі шыққан жүрек, *балуан білек* керек (М.Әуезов). Алып қашса, құдайға шүкір, ауылдағы бір *шөп желке* азайды (газеттен). Жарманы кесіп өтетін *табан жол* көзге айқын шалынды (Н.Сералиев). Тепсе темір үзетін *атан жілік* айналдырған аз жылдың ішінде аш аруаққа айналды (О.Бөкеев).

Сын есім + зат есім құрамды тұрақты тіркестерден де бастауыштар көптеп жасалады:

ақ сақал, тірі жетім, биік мансап, боз бала, боз қырау, ақыр заман, суық сөз, жылы хабар, жас өспірім, ақ көңіл, самал жел, сары уайым, сом тұлға, терең сыр, сұм ажал, қалың ой, есіл ер, ала көңіл, өлі жүн, көбік ауыз, ашық ауыз, ақ сұңқар т.б. Мысалы: Жылама, Мағыш, жылама, Алладан өлім тілеме, Қолдан ұшқан *ақ сұңқар* қайтіп келіп қонбайды (Абай). *Сұм ажал* қасында отырған адамдардан именбей қарттың көз жұмар шағын шыдаммен күтіп отыр (М.Дүзенов). Мұнда бір *терең сыр* жатыр (С.Тұрысов). Надан *қара халық* ондай сөздеріне елгізетін шығар (М.Дулатов). – Жаңалықтың үлкенін есте отыр, балам, біздің елге де қаладан әтрел шығыпты деген *ұзын құлақ* бар (С.Елубаев). *Бұралқы* сөз күлмекке жақсы (мақал). *Көңілдегі көрікті ой* ауыздан шыққанда өңі қашады (Абай). Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда, *ойсыз құлақ* ала алмас ондай сыйды (Абай). *Дуалы ауыз* сөз табар, Құлашымды жазайын (Н.Байғанин).

Сыңарлары зат есім мен есімшемен тіркесте келген тұрақты тіркесті бастауыштар: *бой баққан, есебін тапқан, ана көрген, ата көрген, ала қойды бөле қырыққан, құдайға тіл тигізген, бақиға жеткен, бата оқыр, бет ашар, көңіл ашар, той бастар т.б.* Мысалы: Есебін тапқан екі асар (мақал). Есбай, Қарлығаш: Басталды ойын, басталды *бет ашар!* (М.Әуезов). Құдайдың ақ ажалы қазір жетіп, *Бата оқыр* болар ма еді осы тойда (С.Торайғыров).

Сыңарлары есімше мен зат есімнен болған атау тұлғасында бастауыш болуға бейім тұрақты тіркестер: *шіріген жұмыртқа, айтысқан сөз, алысқан қол, қағысқан кеуде, атар таң, көрер күн, атар таң батар күн, қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын т.б.* Мысалы: *Атар таң, көрер күн* жоқ болған соң, не дейін (М.Әуезов). Кедейге сірә, атар таң, батар күн бар ма? (М.Дулатов). Найманның ішінде *шіріген жұмыртқа* бар, білемін (М.Әуезов). Сыңарлары заттанған сын есімдерден болған тұрақты тіркесті бастауыштар: Қалай дегенмен де Құлагердей *ерен жүйрік* Ақаннан басқа бір адамда болмайды (А.Жұбанов). *Әсіре қызыл* тез оңар, бәрінен де солғын озар (мақал). *Игі жақсы* да әр түрлі (М.Мағауин).

Барыс жалғаулы сөздің қимыл есімімен тіркесте келуі арқылы да тұрақты тіркестер атау тұлғада бастауыштық қызметте жұмсалады: Қарапайымдылыққа мейлінше жарлы екенсіз, оты жоқ *кеудеге нан пісіру* – жігіттің

соры... (Е.Әкімқұлов). Сол антты енді *жүзеге асыру* талап етіледі (Қ.Қамбаров). Байқаңыз, мұндай уақытта *оққа ұшу* оңай (М.Жұмабаев). Жалпы мұндай сөз – *тығырыққа тіреліп, ойға бату* Ждақайдың өмірінде болмаушы еді (С.Елубаев).

Табыс жалғаулы сөздің қимыл есімімен меңгеріле байланыста берілген тұрақты тіркесті бастауыштар. Табыс жалғауы көбінесе жасырын күйде келеді. Мысалы: Куәлар болмаған жағдайда *ант беру* талап етіледі («Жеті жарғы»). Енді, *жұрт жаңғырту* керек еді (М.Әуезов). Бірақ қорқақтан *жөн жосық сұрау* ақылдылық емес (С.Бакбергенов).

Шығыс септікті сөздің қимыл есімімен тіркесте берілуі арқылы: Осы қатердің өтінде жүріп, алты жолдың бірін *істен шығару* бар тындырғанымыз болды (Б.Майлин). Ерінің ұрлығын біле хабарламаған әйелі мен баласы жазаға тартылмайды, өйткені үлкеннің *үстінен шағым айту* әбестік саналады («Жеті жарғы»).

Жоғарыдағы ойларды сұрыптай келіп, тұрақты тіркестердің әдеттегі сөздердің бастауыш болуы сияқты атау тұлғада (нольдік) тұруы тұрақты тіркестердің соңғы сыңарының қай сөз табынан болуының мәні зор. Тұрақты тіркестер қай сөз табынан құрылса да, субстантивтеніп, атау тұлғада бастауыш қызметінде жұмсалады, баяндауышпен предикаттық қатынаста қиыса байланысады.

Көптік жалғаулы тұрақты тіркесті бастауыштар. Әдеттегі жеке сөздердің бастауыш болуының бір ерекшелігі – көптік жалғаулы сөз атау тұлғасында тұруы, тұрақты тіркестер де атау тұлғалы көптік жалғауында бастауыш қызметінде жұмсалады. Көптік жалғауы тұрақты тіркестердің соңғы сыңары қай сөз табынан болмасын жалғана береді.

Тұрақты тіркестердің соңғы сыңары зат есімнің көптік тұлғада келуі: *Ашық ауыздар* қалып та қояды (Ж.Аймауытов). Орман ішіндегі *жалғыз аяқ жолдар* да ерегіскендей бірде жаудың үлкен колонналары ағылып жатқан шоссеге тіреліп, енді бірде сол жаққа қисық тартып әлек қылады (Т.Ахтанов). Тұрақты тіркестердің соңғы сыңары есімшенің көптік тұлғада келуі: Төрелер мен молдаларға *қол көтергендер* 27 қой, оларды ренжіткендер 9 қой айып төлеуге тиіс («Жеті жарғы»). Өзіне-өзі *қол салғандар* бөлек жерленеді («Жеті жарғы»). Кейде жалғыз-жарым *ауа жайылатындар* болады (Ж.Айм.). Соңғы сыңары түбір тұлғалы етістікке көптік жалғауы жалғанып,

тұрақты тіркестер бастауыш қызметінде жұмсалыады. Мысалы: Жау жүректер, ұр да жықтар, ұрылар соғысамыз деді (Ж.Аймауытов).

Соңғы сыңары –ғыр, -гір, -қыр, -кір жұрнақты алғыс-қарғыс мәнді тұрақты тіркестерге көптік жалғауы жалғанып, атау септігінде бастауыш қызметінде жұмсалыады: Көзіңнен таса болса, әлгі тұқымың өскірлер өрікпен алманы қоймайды (С.Сарғасқаев). Садағаң кеткірлер әулие екен (М.Дулатов).

Тәуелдік жалғаулы тұрақты тіркесті бастауыштар. Тұрақты тіркес тәуелденіп жұмсалған кезде оңаша, ортақ тұлғаларында, үш жақта жұмсала береді. Тілімізде тұрақты тіркестердің табиғи түрде тәуелденіп келуі де, есім тұрақты тіркестердің де тәуелденіп бастауыш болуы да кездеседі. Тұрақты тіркестердің үш жақта тәуелденіп бастауыш болу жағдайларына тоқталайық.

Тәуелдік жалғаулы I жақты тұрақты тіркесті бастауыштар. Кейбір тұрақты тіркестер құрамында тәуелдік жалғауының бірінші жақтық көрсеткіші табиғи бастапқы көрсеткішіне айналады. Мысалы: Ұрлық түбі – қорлық дегенімен, өз басым қорлық көрген жерім жоқ (Қазақ ертегілері). Қайран ғана, қор болған есіл басым-ай (Ауыз-екі тілде).

Тұрақты тіркестер қай сөз табынан болмасын тәуелдік жалғауының бірінші жағында, жекеше, көпше түрінде қолданыла береді. Мысалы: Жақсылыққа – жақсылық, кеудемде шыбын жаным тұрса, қарымтасыз қалмаспын (Е.Әкімқұлов). Азан шақырып, қазанның құлағын қағып қойған атым аталмай, қара бала атанған едім (Қ.Жармағанбетов). Бәйге атындай аңқылдар Тұла бойым шіміренді (Абай). Маманның матап алдым қызын өзін, Саған жоқ алты аласым, бес бересім (М.Әуезов). Күш көлікті былай қойғанда, он екіде бір сайманымыз жоқ (Т.Дәуренбеков). «Байтал түгіл бас қайғы» дегендей, төрт жылда төрт қара таппай, табан ақы, маңдай теріміз тамағымыз бен киімімізден артылмайды (Ж.Жұмақанов).

II жақты тәуелдік жалғаулы тұрақты тіркесті бастауыштар: *Барыңнан жогың, ашыңнан тоғың жақсы* (мақал). *Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?* (Абай). *Ат нөпір шимай жасағаның кімге дәрі* (Е.Әкімқұлов). Сағила екеуін қосылып, *жер-көкті бастарыңа көтеретіндерің* қайда? (М.Дулатов).

Тәуелдік жалғауының III жағындағы тұрақты тіркесті бастауыштар. Сыңарлары зат

есімдерден болып, тәуелдік жалғауының III жағындағы бастауыштар: Қашанда қазақ арасында *жер дауы, жесір дауы* біткен бе? (Е.Тұрысов). *Ауылдың алты ауызы* болсын, – деп емеурін жасады (М.Әуезов).

Тұрақты тіркестер сыңарлары есімше + зат есімі тәуелдік жалғауының III жағында келіп тіркес құрауы арқылы да бастауыш жасалынады: *Өсер елдің баласы*, алдымен, өріс іздемейді, дос-жаран іздейді (С.Бақбергенев). Басқа *барар жері, басар тауы* болмаған соң, ауылға беттеді (Т.Дәуренбеков). Жақсылықтың да, жамандықтың да *қыл мойыңға тақалған шағы* ауыр тиеді адамға (Қ.Жұмаділов).

Тұрақты тіркестің соңғы сыңары қимыл есімінің тәуелдік жалғауының III жағында тұрып, бастауыш болуы: Жок, тартып алуға болмайды, қалалы жерде ондай *жұмыстың түбі насырға шауып кетуі* мүмкін (М.Дулатов). Тілегі болмай, әйелі қыз туып, көмек түгіл енді бой жетіп қалған *қызының жасауы* күннен күнге сары уайым болып келе жатыр (М.Дүзенов). Әсіресе шешесі қайтыс болғанда, естісе де *дым сызбай жатып алуы* бұрынғыдан бері бұғып жүрген кек отына май болып құйылды (О.Бөкеев).

Сондай-ақ, тұрақты тіркеске көмекші де етістігі есімше тұлғасында тәуелдік жалғауының үшінші жағын жалғап тіркесуі арқылы да бастауыш болады. Мысалы: *Ел іші – алтын бесік дейтіні* қайда, әлде басыңа іс түсіп, қысылған шағында немесе өзге жұрттың бодауында жүрсең – қадыры білінер ме?! (О.Бөкеев). Қазақтың *«мұндай тірлікті итке бермесін»* дегені менің басымда емес пе? (О.Бөкеев).

Тұрақты тіркестегі тәуелдік жалғаулы сөздің ілік септікті сөзбен тіркесте келуі де мүмкін, не болмаса ілік жалғаулы сөз тіпті тұрақты тіркес құрамына енбеуі де мүмкін. Тұрақты тіркес құрамындағы ілік септіктің ашық не жасырын түрі тәуелдік жалғаулы сөзбен бастауыш болса, ал тұрақты тіркестің құрамынан тыс тұрған ілік жалғаулы сөз тұрақты тіркестің анықтауышы болады.

Көмекші сөзді тұрақты тіркесті бастауыштар. Тұрақты тіркесті бастауыштың жасалуының тағы бір жолы – көмекші сөздердің қатысуы арқылы. Тілімізде бірқатар тұрақты тіркестер *шіркін, атаулы, сорлы, байғұс* тағы да басқа көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалып, атау тұлғада тұрып бастауыш болады. Мысалы: *Адам шіркін* күйбең тіршілік-

тен қолы босап, түнгі аспанға қарап жатқан кейбір сәттерде оның ой-санасы, алдымен анау жұмбақ әлемнің тұңғығын шарлап кетеді (Ш. Айтматов). Шарықтап шар тараптан көңіл сорлы, таппаған бір тиянақ не өткен қуыс? (Абай).

Тұрақты тіркестерге шылау сөздерінің де тіркесіп келіп, бастауыш болуына себебін тигізеді. Мысалы: Ауыл адамдары *тайлы-таяғына дейін* осылай қарай жүгіріп келеді (Т.Дәуренбеков). *Қол ұстатар, шап сипар, қыз көрсетер, күйеу көрсетер сияқтылар* – ежелден келе жатқан қазақтың атақты ырымдары (М.Әуезов).

Тұрақты тіркесті бастауыштардың жасалуына сондай-ақ *кебі, көрі* көмекші есімдердің де қатысы болатын мына мысалдардан көрінеді: Әйтпесе, *жау жагадан алғанда, бөрі етекпен кебі* боп жүрер (Ә.Әлімжанов). *Сырдың суы сирағынан келмейдінің кері* көрініп тұр (Газ.). *Иш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқтың кері* келіп тұр (Қ.Аманов).

Де көмекші етістігі есімше тұлғасында тұрақты тіркестермен тіркесте бастауыш болады. Ондайда көбінесе сөйлемнің баяндауышы осы, *рас, бар, қиын* деген сияқты сөздер бо-

лады. Мысалы: *Өлмегенге өлі балық деген* осы (Қ.Аманов). *Қарай гөріңдер, жаман иттің атын бөрібасар қояды деген* рас екен-ау (Қазақ ертегілері). *«Тас түскен жеріне ауыр» деген* бар ғой. Демеймін менің қайғым саған батар (С.Торайғыров).

Қорыта айтқанда, тұрақты тіркестерден болған сөйлем мүшелерінің құрылымдық ерекшеліктеріне арнайы тоқталуымыздың басты себебі осы мәселенің түп төркіні проф. М.Балақаев пен проф. Т.Сайрамбаев тұрады. Қазақ тіліндегі түйдекті тіркестер мен олардың мағыналық, құрылымдық сипаты М.Балақаев арқылы зерттеуін тапса, тұрақты тіркестер сөйлем мүшелердің жасалуының бір жолы екендігін баса көрсеткен ғалым – Т.Сайрамбаев. Яғни жалпы қазақ тілінің синтаксисі ғылымының басында М.Балақаев тұрса, Т.Сайрамбаевтың қазіргі қазақ тілі синтаксисінің қалыптасуындағы еңбегі ерекше.

1. Сайрамбаев Т. Сөйлемнің түрлаулы мүшелері. Алматы, 1991.

2. Болатов Ж. Синтаксистің кейбір мәселелері. // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1959, N4.

3. С.Исаев. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. Алматы, 1992.

Н. Д. Кошанова

ПОДЛЕЖАЩИЕ, ВЫРАЖЕННЫЕ УСТОЙЧИВЫМИ СОЧЕТАНИЯМИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

В этой статье рассматриваются структурные особенности подлежащих, выраженных устойчивыми сочетаниями в современном казахском языке.

N. D. Koshanova

THE SUBJECTS EXPRESSED BY STABLE COMBINATIONS IN MODERN KAZAKH LANGUAGE

The article deals with the structural peculiarities of subjects expressed by stable combinations in the modern Kazakh Language.

В. И. Супрун,

д.ф.н., профессор Волгоградского государственного
социально-педагогического университета

Г. Б. Мадиева,

д.ф.н., профессор, КазНУ им. аль-Фараби

СЕМАНТИКА СОБСТВЕННЫХ ИМЕН: ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ

Вопрос о наличии или отсутствии значения у имён собственных – перманентный для ономастических исследований. Дискуссии по этому вопросу ведутся учёными с момента зарождения ономастики как науки (1973: 45-

112). В современной лингвистике существуют различные взгляды на вопрос о значении и семантике имени: от структурно-языкового содержания имени собственного, «редуцированного» или ослабленного значения имени